Аннотация. Производство цемента является энергоемкой отраслью промышленности. Основными вопросами являются повышение энергоэффективности при производстве цементного клинкера, сокращение выбросов CO_2 и других вредных газов в процессе декарбонизации; повышение технологической эффективности производства и переход к зеленой экономике. В решении этой проблемы актуальным является введение техногенных промышленных отходов в сырьевую смесь в процессе обжига клинкера. Исследования проводились с использованием химического, сканирующей электронной микроскопии и энергодисперсионного микроанализа. С использованием энерго- и ресурсосберегающей технологии разработан состав сырьевой смеси с использованием трех отходов процесса обжига клинкера: 78,9-79,83% отходов дробления известняка месторождения Састобе, 15,21-17,34% электротермофосфорного шлака и 3,59-5,15% «клинкера вальцевания цинковых руд» Ачисайского металлургического завода. Обжиг сырья производился при температуре 1350-1400°C. Полученный клинкер содержал 0,2-2,0% CaO свободного. Данный показатель полностью соответствует требованиям, предъявляемым к цементному клинкеру. При определении качества полученного клинкера было установлено, что на процесс клинкерообразования оказывает влияние CaF_2 , присутствующий в отходах металлургического производства Ачисай, в качестве минерализатора. Микроскопический анализ показал, что распределение минералов в клинкере равномерное, причем большинство минералов представляют собой C_3S и C_2S . Промежуточная фаза состоит из 1–3% минералов C_3A и 8–15% минералов C_4AF . Размеры минералов C_3S и C_2S составляли 10–100 мкм. Полученные научные результаты позволят цементным заводам, работающим в нашей стране, использовать «клинкера вальцевания цинковых руд» Ачисайского металлургического завода в качестве регулирующей добавки и как компонент, заменяющий железное сырье. Использование отходов в качестве сырья повышает эффективность производства, сокращает выбросы

CO₂ и NO_x, снижает температуру обжига клинкера на 100-150°C, способствует решению экологических проблем.

Ключевые слова: добавки, отходы промышленности, энергосбережение, клинкер, цемент

Кіріспе. Қазіргі уақытта еліміздің энергетикалық және экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуде энергияны тиімді пайдалану және энергия үнемдеу саясатын іске асыру маңызды шаралардың бірі болып табылады. Өнеркәсіпті жаңғыртудың негізгі құралдарының бірі жаңа инновациялық технологиялар мен шешімдерді енгізуді қажет етеді, бұл өз кезегінде ғылым мен технологиялардың трансфертін дамытудың белсенді іс-қимылымен ынталандыру арқылы іске асырылады. Цемент өндірісіндегі көмірқышқыл газдың шығарындыларының негізгі көздері – отынды жағу кезінде бөлінетін түтінді газдар құрайды (Luis, және т.б., 2021). Сонымен қатар, цемент өндірісінде декарбонизациялау процессінде бөлінетін CO₂ шығарындыларын азайтудың қолданыстағы стратегиялары, ол экономикалық ынталандырудың болмауымен шектеледі (Mikulcic және т.б., 2013; Antunes және т.б., 2022). Энергия үнемдеу саясатында Үкімет үдемелі «Индустриялық-инновациялық дамудың Мемлекеттік бағдарламасы» (2010-2014 жылдар) және «ҚР-ның Индустриялық-инновациялық даму - 2 Мемлекеттік бағдарламасы» (2015-2019 жылдар) шеңберінде жалпы ішкі өнімнің энергия сыйымдылығын 2015 жылға қарай кемінде 10 %-ға және 2020 жылға қарай 25 %-ға төмендету міндетін қойған болатын. Қазақстандағы энергия ресурстарды ұтымды пайдалану құрылымын талдау барысында, энергия ресурстарының негізгі тұтынушылары ретінде өнеркәсіп секторы белгіленген, оның ішінде көпшілігі ескірген технологиялар мен айтарлықтай тозығы жеткен құрал-жабдықтарды пайдаланатын цемент өнеркәсібі болып табылатындығы анықталған (Құрылыс индустриясын дамыту бағдарламасы, 2010; Мемлекеттік бағдарлама, 2020).

Құрылыс материалдары өнеркәсібінің барлық салаларының ішінде энергияны көп қажет ететін өндіріс цемент өнеркәсібі. Негізгі энергия тұтыну көздеріне ұсатқыш диірмендер және пештерді жатқызуға болады (Планк, және т.б., 2016).

2023 жылы Қазақстанда 7,1 млн тонна цемент өндірілді, бұл 2022 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 1,8 %-ға артық (Жаникулов, және т.б., 2022). Осу қарқыны бойынша Түркістан облысы сенімді түрде көш бастап тұр, елдегі 23,8 % цемент шығару көлемі аталған облысқа тиесілі. Осының есебінен 2023 жылы қаңтар-қыркүйек айларында Түркістан облысы мен Шымкент қаласын қоса алғанда 1,9 млн тонна портландцемент өндіру арқылы бірінші орынға шықты. Түркістан облысында «Standard Cement» ЖШС, «Shymkent Cement» АҚ және «Sas-Tobe Technologies» ЖШС компанияларының цемент зауыттары жұмыс істейді, олар энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы келісімге қол қою арқылы өнімнің энергия сыйымдылығын 15 %-ға төмендетуді жоспарлаған (Kuandykova, және т.б., 2023).

Аталған келісімді орындау «SAS-Tobe Technologies» цемент зауыты үшін үш негізгі бағыт бойынша жаңғырту бағдарламасы әзірленген болатын:

- ескі жабдықты жаңарту және жаңа жабдықты орнату арқылы пештердің өнімділігін арттыру және отын шығынын азайту;
- пештердің электр сүзгілерін қайта құру есебінен экологиялық проблемаларды шешу;
- өнімнің өзіндік құнын төмендету және бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін кәсіпорынды көмір отынына ауыстыру.

Қазіргі уақытта, «SAS-Tobe Technologies» цемент зауытында тазарту жүйелерін жаңғырту жұмыстары аяқталды. Аталған бағыттар бойынша цемент өндіру кезінде пайда болатын қатты ластаушы заттарды 99,5 % қағып ұстап қалатын жаңа сүзгілер орнатты. Бұл қондырғы атмосфераға зиянды қалдықтарды шығаруды ұстап қалуды қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, зауытта клинкердің ескірген салқындату жүйелерін ауыстырып, соңғы буын – даниялық FL-Smidt компаниясының тоңазытқыштарын орнату бойынша энергия үнемдейтін технологиялар белсенді түрде енгізілген болатын. Айналмалы пешті қатты отынға ауыстыру аясында зауытта көмір диірменін монтаждау жүргізілген, бұл өнімнің өзіндік құнын төмендетуге мүмкіндік береді (Жаникулов, және т.б., 2022). Цемент өнеркәсібінде шикізат қоспа құрамына әртүрлі өнеркәсіп қалдықтарын өндіру арқылы оларды кәдеге жарата алады. Бұл зерттеу жұмыста Ачисай металлургия зауытының «мырыш кендерін вельц-әдіспен өңдеу кезінде түзілетін клинкер қалдығын» және Жаңа Жамбыл фосфор зауытының электротермофосфор шлағын пайдалану қарастырылған. Бұл өндіріс қалдықтарды пайдалану қосымша энергияны қажет етпейді, сонымен қатар айналмалы пештің жентектелу процессінде цемент клинкерінің минерал түзілу процессін жеделдетуге септігін тигізеді (Жаникулов, және т.б., 2022).

Материалдар мен зерттеу әдістері. Портландцемент клинкерін алу үшін шикізат шихтасының құрамына сазды компонент лесс, Састөбе кен орнының әктасын ұсақтау кезінде жинақталған қалдықтары, Ачисай металлургиялық зауытының «мырыш кендерін вельц-әдіспен өңдеу кезінде түзілетін клинкері» балама шикізат және реттеуші қоспа ретінде пайдаланылды және Жаңа Жамбыл фосфор зауытының электротермофосфор шлактары зерттелді. Соңғы онжылдықта пиритті оғарлардың үлкен тапшылығына байланысты Қазақстанның көптеген цемент зауыттары темір кенін және өнеркәсіптің кейбір қалдықтарын пайдалануға көшті. Құрамында темір бар жергілікті қалдықтарды іздеу алюминий-феррит фазасын нығайту үшін өте маңызды. Цементтердің алюминий феррит фазасы $C_2A_xF_{1-x}$ құрамының қатты ерітінділері болып табылады. Мұндай қатты ерітінділер сериясының экстремалды бөлігі екі кальцийлі феррит C_2F болып табылады. Бұл құрылымдық позицияларды ескере отырып, Ca_2FeVIO_5, мұнда C_2F құрамындағы темір катион (октаэдрлерде) және анион (тетраэдрлерде) рөлін атқарады (Alwaeli, және т.б., 2020).

Портландцемент клинкерінің негізгі минералды фазасы құрамы Ca, Si, Al, Fe элементтерінен тұрады. Бұл элементтер цемент клинкерінің минерал түзілу процессіне қатысу арқылы силикатты фазалардың құрамын қалыптастырады (Fateh, 2022).

Цемент ертіндісінің қатаюы алғашқы кезеңде беріктік пайда болатын тас тәрізді дененің түзілуімен жүреді. Негізгі клинкер минералдары – C_3S , C_2S , C_3A және C_4AF гидратация процесінде цементтің қатаюына жауап береді. C_3S – цементтің ерте беріктігіне жауапты негізгі фаза, C_2S – баяу гидратацияланады, беріктіктің ұзақ уақыттан соң қалыптасуына жауапты фаза, C_3A – жоғары реактивті, су мен гипс болған кезде жылдам қатаю процессіне қатысады, C_4AF – цементтің түсін анықтайды және қатаюдың бастапқы кезеңінде рөл атқарады (Pribulova, және т.б., 2016).

Айта кетсек, алит (C_3S) бүкіл кезең бойы беріктікті арттыру процесіне қатысады, сумен әрекеттесуде өте белсенді және жоғары беріктікті қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, алит қатаюдың бірінші айында тез қатаю қабілетіне ие болады. Белит (C_2S) ең аз белсенді минерал болып табылады және оның қатаю процессіне әсері цементті араластырғаннан кейін бір айдан кейін ғана басталады, бірақ оның беріктікке әсері бетон беріктігінің жоғарылауының бүкіл кезеңінде жылдар бойы сақталады. Үшқальций алюминаты (C_3A) ең белсенді минерал болып табылады – ол цемент тасының ерте беріктігіне жауап береді, ал C_4AF сумен реакциядағы белсенділігі, қатаю жылдамдығы және беріктігінің жоғарылауы бойынша C_3S және C_2S арасында аралық фаза ретінде орындалады (Yingyi, 2019). Шикізат материалдарының сапалық сипаттамаларын анықтау үшін стандартты және жалпыға бірдей танылған МЕСТ стандартты талдау әдістері қолданылды.

Шикізат материалдардың, шикізат қоспалар мен клинкерлердің рентгендік энергодисперсиялық микроанализі, рентгенофазалық және электронды-микроскопиялық зерттеу әдістерін пайдаланып орындалды. Ғылыми мақаланың зерттеу жұмыстары Д.И. Менделеев атындағы Ресей химия-технологиялық университеті жанындағы Д.И. Менделеев атындағы ұжымдық пайдалану орталығының сканерлеуші электрондық микроскопия (СЭМ) зертханасында және рентгенофлуоресцентті спектроскопия зертханасында (РФЛС) орындалған. Сонымен қатар, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Конструкциялық және биохимиялық материалдар» инженерлік бейіндегі өңірлік сынақ зертханасында JSM-6490LV расторлы электронды микроскоп көмегімен зерттелді. Алынған клинкерлердің микроқұрылымын зерттеу JSM6510LV (JEOL, Жапония) сканерлейтін электронды микроскопта максималды х300000 есе ұлғайту арқылы жүргізілді. Алынған клинкердің фазалық құрамын талдау DX2700BH рентгендік дифрактометрде жүргізілді (Dandong Haoyuan Instrument Co., Ltd., Қытай).

Нәтижелер және талқылаулар. Шикізат пен өнеркәсіптік қалдықтарға химиялық талдау жасалды. Көрсетілген шикізат материалдар негізінде цемент клинкерін алу көрсетілген.

1 – кесте. Табиғи, дәстүрлі емес шикізат пен өндірістік қалдықтардың химиялық құрамы

Табиғи және техногендік шикізат	Химиялық құрамы, масс. %						
	SiO ₂	Al ₂ O ₃	Fe ₂ O ₃	CaO	MgO	SO ₃	жжж
Лесс	50,54	10,35	4,43	13,91	2,67	0,21	13,06

Састөбе кен орнының әктасын ұсақтау қалдықтары	9,63	1,72	1,26	46,0	0,55	1,15	36,2
Ачисай металлургия зауытының мырыш кендерін вельц-әдіспен өңдеу кезінде түзілетін клинкері	27,55	5,74	33,5	17,33	6,07	1,31	6,5
Электротермофосфор шлағы	42,68	0,74	0,17	41,18	4,55	0,4	-

Шикізаттың химиялық құрамынан бөлек, оның минералогиялық құрамы да маңызды, себебі бұл технологиялық үдеріс пен клинкерді күйдіру және цемент қасиеттеріне тікелей әсер етеді. 2-кестеде Састөбе кен орнындағы әктасты ұсату қалдықтарының минералогиялық құрамы келтірілген.

2 – кесте. Састөбе кен орны әктасты ұсату қалдықтарындағы минералдар мөлшері


Шикізат	Минералогиялық құрамы, сал. %								
	Кальцит	Доломит	Кварц	Иллит	Хлорит	Альбит	K-Feld spar	R, wp	CO ₂
Састөбе кен орнының әктасын ұсақтау қалдықтары	80,6	2,2	9,3	2,9	1,5	2,3	1,3	16,32	36,5

2-кестедегі мәліметтерге сәйкес, Састөбе кен орнындағы әктасты ұсату қалдықтарында кварц пен сазды минералдар – иллит, хлорит, альбит мөлшері жоғары. Өндірістің өнеркәсіптік қалдықтары түзілу процесінде термиялық өңдеуге ұшырамаған қалдықтарға (Састөбе кен орнының әктасын ұсақтау қалдықтары); термиялық өңдеуге ұшыраған қалдықтарға (Ачисай металлургия зауытының мырыш кендерін вельц-әдіспен өңдеу кезінде түзілетін клинкері; Жаңа Жамбыл фосфор зауытының электротермофосфор шлағы) бөлінеді (Абдеев, 1985).

Жоғарыда сипатталған өнеркәсіп қалдықтары ресурстарды және энергияны үнемдейтін шикізат ретінде қызығушылық тудырады. Оларды пайдалану карьерлерде осы немесе басқа материалды өндіру қажеттілігін жояды, яғни клинкерді өндіру кезінде бұрғылау және жару жұмыстарын жүргізуді, әктас немесе сазды жынысты ұсақтау қажет етпейді. Олар алдыңғы процесте термиялық өңдеуден өткен, қалдықтардың құрамында кальций мен магний карбонаттары жоқ, кальций оксиді карбонатты емес күйде, белит, псевдоволластонит сияқты төмен негізді минералдар түрінде, сазды минералдар ылғалсызданып, ыдырайды. Оларды пайдалану кезінде шикізат шихтасын декарбонизациялау процессіне кететін жылу шығындары, пештегі жалпы меншікті отын шығыны, клинкер алу үшін шикізат шығыны айтарлықтай азайып, пештің өнімділігі арттырады (Marsh, 2021).


Электронды микроскопиялық зерттеу әдісі арқылы шикізаттарды талдау жүргізілді (Шадров, 2014). 1-3-суреттерде Састөбе кен орнының әктасты ұсату қалдықтарының (1-сурет), Ачисай металлургия зауытының мырыш кендерін вельц-әдіспен өңдеу кезінде түзілетін клинкерінің (2-сурет), Жаңа-Жамбыл

фосфор зауытының электротермофосфор шлагының (3-сурет) электронды микроскопиялық талдау нәтижелері көрсетілген. Састөбе кен орнының әктасты ұсату қалдықтарының сканерлеуші электронды микроскопиялық талдау нәтижесі бойынша химиялық құрамы (%): SiO_2 - 9,62; Al_2O_3 - 1,71; Fe_2O_3 - 1,26; CaO - 46,0; MgO - 0,55; SO_3 - 1,15; K_2O - 1,59 (1-сурет).



Сурет 1. Састөбе кен орнының әктас ұсақтау қалдықтарының микроқұрылымы және элементтік құрамы

Састөбе кен орнының әктасын ұсақтау қалдықтары зауыт ақ цемент түрін шығарған кезеңде пайда болды. Карьерде әктасты байыту жүзеге асырылды. Ұсатқыштан кейін әктас скринингтен өтіп, ақ клинкердің актығы мен әртүрлілігін төмендететін темір оксидтерінің көп мөлшері бар саз қоспаларымен 15-20 мм-ге дейін ұсақ фракцияны електен өткізу арқылы байытылған. Осы уақыт ішінде үйіндіде бірнеше миллион тонна қалдықтар жинақталды. Химиялық құрамы бойынша ұсақтау қалдықтарында кремний оксидінің мөлшері жоғары, CaO мөлшері біршама төмен. Жүргізілген зерттеулер әктас ұсақтау қалдықтарының цемент клинкерін алу үшін жарамды екендігін көрсетті. Ачисай металлургия зауытының «мырышты рудаларды вельцевалау клинкері» бойынша химиялық құрам (%) мынадай: SiO_2 - 13,82; Al_2O_3 - 3,23; Fe_2O_3 - 24,1; CaO - 12,7; MgO - 3,76; SO_3 - 1,5; K_2O - 0,37; TiO_2 - 0,65; Mn_2O_3 - 0,32; ZnO - 3,01; C (көміртек) - 23,15 (2-сурет).




Сурет 2. Ачисай металлургиялық зауытының «мырыш кендерін вельц-әдіспен өңдеу кезінде түзілетін клинкерінің» элементтік құрамы және (a); (b, c, d, e) РЭМ-микроқұрылымы

«Вельц-әдіспен өңдеу кезінде түзілетін клинкері» құрамында 15-20%-ға дейін кокс (көмір) бар, бұл клинкерді күйдіру кезінде қолданылатын көмірдің отын шығынын азайтады. Ачисай металлургиялық зауытының үйінділерінде 4,6 миллион тоннадан астам «мырыш кені вельц-әдіспен өңдеу кезінде түзілетін клинкері» жинақталған. Ащысай металлургиялық комбинатының «мырыш кені вельц-әдіспен өңдеу кезінде түзілетін клинкері» құрамында 24-33%-ға дейін темір оксидтері кездеседі. Шын мәнінде, бұл портландцемент клинкерлерін алу үшін шикізат қоспасына темір құрамдас түзеткіш қоспа ретінде қолдануға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, 3,01% мырыш тотығы күйдіру процесіне минерализатор ретінде әсер етіп, жентектелу процессінде температураның

төмендеуіне мүмкіндік жасайды. Соның нәтижесінде отын шығыны азайып, пеш өнімділігі артады, ал CO_2 шығарындылары азаяды.

Шикізат қоспаларында полиэвтектикалық аралық балқымалар пайда болатын қатты фазалық реакциялар мен жымдасу процестерінің заңдылықтарына сүйене отырып, шикізат компоненттерін механикалық белсендіру маңызды рөл атқарады. Сондықтан шикізат қоспасына алдын ала күйдірілген немесе балқытылған (шыны тәрізді) силикаттарды қосу әсіресе өндірістік процесті жеделдетеді. Ол үшін шикізат қоспа құрамына қосымша материал ретінде Жаңа Жамбыл фосфор зауытының электротермофосфор шлагын қолданады (3-сурет).



Сурет 3. Жаңа Жамбыл фосфор зауытының электротермофосфор шлагының элементтік құрамы және (a); (b, c, d, e) РЭМ-микроқұрылымы

Ең қолайлы химиялық және минералогиялық құрамы шыны тәрізді фазасы бар (90-95%) Жаңа Жамбыл фосфор зауытының түйіршіктелген электротермофосфор шлактары болып табылады, оның құрамында (%): $\text{CaO} - 43,91$; $\text{SiO}_2 - 32,78$; $\text{Al}_2\text{O}_3 - 3,27$; $\text{MgO} - 2,49$; $\text{Fe}_2\text{O}_3 - 0,57$; $\text{F}_2\text{O}_3 - 1,5$; $\text{P}_2\text{O}_5 - 1,4-2,0$ кездеседі.

Клинкерде балқымалы фаза мен оның ішінде кристалдар қатар жүреді. Алит кристалдарының кеңеюі барысында пайда болатын жарықтар ұнтақтауды жеңілдетеді.

Цемент алу үшін шикізат қоспаларының құрамы есептелген. Есептеулер табиғи және әктас қалдықтары мен техногендік шикізатты пайдалана отырып (Bogue, 1950) формулалар бойынша жүргізілді.

Шикізат қоспаларды ұнтақтау үшін диаметрі 20 мм өлшемде, 10 кг мөлшерінде ұнтақтайтын металл шарлардың жиынтық ассортиментімен жүктелген СВМ-3 зертханалық диірменде 30 минут ішінде ұнтақталды. Цементтің меншікті бетінің ауданы мен бөлшектердің орташа мөлшері ПСХ-К құрылғысының көмегімен анықталды. ПСХ-К құрылғысы қатты материалдардың дисперсиялық процестерін зерттеуге және басқаруға арналған. Барлық есептеулер мен өлшемдер автоматтандырылған және ноутбук экранында көрсетіледі. Бетінің меншікті көлемін өлшеу диапазоны $200-50\,000\text{ см}^2/\text{г}$, орташа бөлшектердің мөлшері $0,5-250\text{ мкм}$. Құрылғының қателігі 1% аспайды. ПСХ-К бойынша алынған нәтижелер еуропалық (ISO) және американдық (ASTM) стандарттарына сәйкес келеді. Талдау үшін әрбір материалдың 10-15 г ұнтағы қажет. Өлшеу қондырғысына плунжері бар кюветка орналастырылған. Содан кейін кюветкадағы ұнтақ плунжермен тығыздалады. Құрылғыға енгізілген компьютерлік бағдарламаның көмегімен беттің меншікті ауданы мен бөлшектердің орташа өлшемі анықталады. Бұл параметрлер құрылғы экранында көрсетіледі. Өлшеу нәтижелері хаттама ретінде ноутбук экранында көрсетіледі.

20 МПа қысымда дайындалған шикізат қоспаларынан $\varnothing 30\text{ мм}$ және биіктігі 20-25 мм таблеткалар қалыпталды. Таблеткаларды күйдіру 1350 және 1400°C жоғары температураға дейін көтерілетін зертханалық пеште жүргізілді. Температураны максимумға дейін көтеру 2 сағат, жоғары температурада ұстау уақыты - 30 минут. Содан кейін клинкер ауада күрт салқындатылды.


Өнеркәсіп қалдықтарының үш түрінен тұратын шикізат қоспаларды күйдіру процестерін зерттеу үшін ҚК (қанығу коэффициенті) 0,90-0,92 болатын 4 шикізат қоспасының құрамы (3-кесте) жасалды:

- Састөбе кен орнының әктасын ұсақтау қалдықтары (А);
- Жаңа Жамбыл фосфор зауытының электротермофосфор шлағы (В);
- Ачисай металлургия зауытының «мырыш кендерін вельц-әдіспен өңдеу кезінде түзілетін клинкері» (С).

3 – кесте. Шикізат қоспаларының құрамдарының ресурс-энергия үнемдейтін клинкерлердегі СаО байланыстыру процесіне әсері

Қоспа нөмірі	Шикізат қоспасының компоненттері, %			ҚК	Модульдер		Бос СаО құрамы, %		1400°C кезінде сұйық фазаның саны, L%
	A	B	C		n	p	1350°C	1400°C	
1	78,90	15,93	5,15	0,90	3,5	0,64	1,4	0,2	26,10
2	78,82	17,34	3,84	0,90	4,0	0,73	1,9	0,3	24,45
3	79,90	15,21	4,89	0,92	3,5	0,66	1,5	0,2	25,83
4	79,83	16,58	3,59	0,92	4,0	0,76	2,0	0,4	24,20

3-кестенің нәтижесін көріп отырғанымыздай, шикізат қоспаларын 1350 °C күйдіру кезінде бос СаО_{бос} мөлшері 2 %-дан, ал 1400 °C кезінде бос СаО_{бос} мөлшері 0,2-0,4 %-дан аспады. Құрамында СаF₂ бар «В» қалдықтары мен «С» қалдықтары шикізат қоспасын күйдіру процесіне айтарлықтай минерализатор ретінде әсер етті. Бұл күйдіру температурасын 100°C төмендетуге және сапалы портландцемент клинкерін алуға мүмкіндік берді (4-сурет).



Сурет 4. №4 клинкердің СЭМ-микроқұрылымы (a, b, c, d)

4-суретте №4 клинкердің микроқұрылымының электронды-микроскопиялық суреттері көрсетілген. Клинкер минералдарының кристалдануы біркелкі. Клинкер минералдарының синтезі табиғи шикізаттан алынатын портландцемент

клинкеріне қарағанда 50-100°C төмен аяқталды. Бұл ретте, пеште жағуға жұмсалатын отын шығыны және ауаға зиянды газдар шығарындылары азаяды, техногенді қалдықтарды кәдеге жаратылады және қоршаған ортаның ластануы азаяды.

Осылайша, зерттеу нәтижесінде 1350 °C температурада клинкерді күйдіру кезінде табиғи компоненттердің орнына зерттелген өнеркәсіп қалдықтарды пайдаланған кезде энергия және ресурстар үнемдеуге, табиғи шикізат әктас пен лесс карьерлерін сақтауға мүмкіндік беретінін көрсетеді.

Қорытынды. Ресурс үнемдеу технологияларын пайдалана отырып, портландцемент клинкерін алу мүмкіндігі көрсетілген. Зерттелген өнеркәсіп қалдықтарының химиялық және минералогиялық құрамы, оларды аз энергияны қажет ететін портландцемент клинкерлерін алу үшін пайдалануға мүмкіндік беретіні анықталды. Табиғи шикізатты көп тоннажды өнеркәсіптік қалдықтармен толық немесе ішінара ауыстырған кезде портландцементті клинкерді алу үшін шикізат шихталарының жаңа тиімді құрамдары әзірленді. Оңтүстік Қазақстанның цемент зауыттары үшін Ачисай металлургиялық зауытының құрамында темірі бар «мырыш кендерін вельц-әдіспен өңдеу кезінде түзілетін клинкерімен» алмастыру перспективасы көрсетілген. Ачисай металлургиялық қалдықтың цемент клинкерін күйдіруде минерализатор рөлін атқарады және шикізат қоспасына көмір енгізу арқылы отын шығынын төмендететіндігін көрсеткен. Өнеркәсіп қалдықтарынан тұратын шикізат қоспаларды күйдіру 1350 °C кезінде клинкер түзілу процесі толығымен аяқталады. Портландцемент клинкерді төмен температурада алу табиғи отын шығынын азайтуға және ауаға CO₂ шығарындыларын азайтуға көмектеседі.

Өнеркәсіп қалдықтары негізінде әзірленген шикізат шихталарынан құрамында C₃A 1,3-1,7 % болды, бұл МемСТ 31108-2020 сәйкес келетін жалпы құрылыс цементтерін де, сульфатқа төзімді цементтерді алуға мүмкіндік береді (ГОСТ 31108–2020, 2020).

Әдебиеттер

Luis M. Romeo, David Catalina, Pilar Lisbona, Yolanda Lara, Ana Martinez (2021) Reduction of greenhouse gas emissions by integration of cement plants, power plants, and CO₂ capture systems. *Greenhouse Gases: Science and Technology*, — 1(1). — P. 72-82. DOI:10.1002/ghg 3.5

Mikulcic H., Vujanovic M., Markovska N., Filkoski R.V., Ban M., Dujc N. (2013) CO₂ Emission reduction in the cement industry. *Chemical engineering transactions*, — 35. — P. 703-708. DOI:10.3303/CET1335117

Antunes M., Santos R.L., Pereira J., Rocha P., Horta R.B., Colaço R. (2022) Alternative Clinker Technologies for Reducing Carbon Emissions in Cement Industry: A Critical Review. *Materials*, — 15. — P. 209. <https://doi.org/10.3390/ma15010209>

Программа по развитию строительной индустрии и производства строительных материалов в Республике Казахстан на 2010-2014 годы. Астана, — 2010. — 90 с.

Государственная Программа по индустриально-инновационному развитию Республики Казахстан на 2021-2025 годы. Астана, — 2020. — 95 с.

Планк Й., Таймасов Б.Т., Штефан Д., Хирш К., Жакипбаев Б.Е. (2016) Химия строительных материалов. Алем: Шымкент, — 2016. — 220 с.

Жаникулов Н.Н., Жакипбаев Б.Е., Дауренбеков К.К. (2022) Химическая технология производства портландцемента. ТОО «Лантар Трейд»: Алматы, — 2022. — 187 с.

Kuandykova A., Zhanikulov N., Taimasov B., Zhakipbayev B. (2023) Investigation of the use of clinker of the ashchisai metallurgical plant as additive in the production of portlandcement clinker. Reports of the national academy of sciences of the republic of Kazakhstan, — 3(347). — Б. 146-156. <https://doi.org/10.32014/2023.2518-1483.232>

Alwaeli M., Golaszewski J., Niesler M., Pizon J., Golaszewska M. (2020) Recycle option for metallurgical sludge waste as a partial replacement for natural sand in mortars containing CSA cement to save the environment and natural resources. Journal of Hazardous Materials, — 398. — 123101. <https://doi.org/10.1016/j.jhazmat.2020.123101>

Fateh Belaid (2022) How does concrete and cement industry transformation contribute to mitigating climate change challenges? Resources, Conservation & recycling advance, — 15. — 200084. <https://doi.org/10.1016/j.rcradv.2022.200084>

Alena Pribulova, Peter Futas, Dana Baricova (2016) Processing and utilization of metallurgical slag. Production Engineering archives, — 11(2). — P. 2-5.

Yingyi Zhang (2019) Recovery and utilization of metallurgical solid waste. — 110. — 76826. DOI10.5772/intechopen.76826

Абдеев М.А., Колесников А.В., Ушаков Н.Н. (1985) Вальцевание цинк-свинец содержащих материалов. Москва, Россия. — 185 с.

Marsh A.T.M., Yang T., Au-Amankwah S., Bernal S.A. (2021) 11-Utilization of metallurgical wastes as raw materials for manufacturing alkali-activated cements. Cement-Based materials. — P. 335–383. <https://doi.org/10.1016/B978-0-12-820549-5.00009-7>

Шадров В.И. (2014) Растровый электронный микроскоп JSM-6490L с системами энергодисперсионного микроанализа INCAEnergy.

Bogue R.H. (1950) The Chemistry of Portland Cement. Reinhold Pub. Corp: New York, — 1950, — P. 326.

ГОСТ 31108–2020 Цементы общестроительные. Технические условия (2020) Стандартинформ. Москва, — 12 с.

References

Luis M. Romeo, David Catalina, Pilar Lisbona, Yolanda Lara, Ana Martinez (2021) Reduction of greenhouse gas emissions by integration of cement plants, power plants, and CO₂ capture systems. Greenhouse Gases: Science and Technology, — 1(1). — P. 72-82. DOI:10.1002/ghg 3.5 (in English)

Mikulcic H., Vujanovic M., Markovska N., Filkoski R.V., Ban M., Dujc N. (2013) CO₂ Emission reduction in the cement industry. Chemical engineering transactions, — 35. — P. 703-708. DOI:10.3303/CET1335117 (in English)

Antunes M., Santos R.L., Pereira J., Rocha P., Horta R.B., Colaço R. (2022) Alternative Clinker Technologies for Reducing Carbon Emissions in Cement Industry: A Critical Review. Materials, — 15. — P. 209. <https://doi.org/10.3390/ma15010209> (in English)

Programma po razvitiyu stroitel'noy industrii i proizvodstva stroitel'nykh materialov v Respublike Kazakhstan na 2010-2014 gody [Program for the development of the construction industry and production of building materials in the Republic of Kazakhstan for 2010-2014]. Astana, — 2010. — P. 90. (in Russian)

Gosudarstvennaya Programma po industrial'no-innovatsionnomu razvitiyu Respubliki Kazakhstan na 2021-2025 gody [State Program for Industrial and Innovative Development of the Republic of Kazakhstan for 2021-2025]. Astana, 2020. — P. 95. (in Russian)

Plank J., Taimasov B.T., Stefan D., Hirsch K., Zhakipbayev B.Ye. (2016) Khimiya stroitel'nykh materialov [Chemistry of building materials]. Alem: Shymkent, — 2016. — P. 220. (in Russian)

Zhanikulov N.N., Zhakipbayev B.Ye., Daurenbekov K.K. (2022) Khimicheskaya tekhnologiya proizvodstva portlandsementa [Chemical technology of Portland cement production]. Lantar Trade LLP: Almaty, — 2022. — P. 187. (in Russian)

Kuandykova A., Zhanikulov N., Taimasov B., Zhakipbayev B. (2023) Investigation of the use of clinker of the ashchisai metallurgical plant as additive in the production of portlandcement clinker. Reports of the national academy of sciences of the republic of Kazakhstan, — 3(347). — P. 146-156. <https://doi.org/10.32014/2023.2518-1483.232> (in English)

Alwaeli M., Golaszewski J., Niesler M., Pizon J., Golaszewska M. (2020) Recycle option for metallurgical sludge waste as a partial replacement for natural sand in mortars containing CSA cement to save the environment and natural resources. *Journal of Hazardous Materials*, — 398. — P. 123101. <https://doi.org/10.1016/j.jhazmat.2020.123101> (in English)

Fateh Belaid (2022) How does concrete and cement industry transformation contribute to mitigating climate change challenges? *Resources, Conservation & recycling advance*, — 15. — 200084. <https://doi.org/10.1016/j.rcradv.2022.200084> (in English)

Alena Pribulova, Peter Futas, Dana Baricova (2016) Processing and utilization of metallurgical slag. *Production Engineering archives*, — 11(2). — P. 2-5. (in English)

Yingyi Zhang (2019) Recovery and utilization of metallurgical solid waste. — 110. — 76826. DOI10.5772/intechopen.76826 (in English)

Abdeev M.A., Kolesnikov A.V., Ushakov N.N. (1985) Val'tsevaniye tsink-svinets sodержashchikh materialov [Rolling of zinc-lead containing materials]. Moscow, Russia. —P. 185. (in Russian)

Marsh A.T.M., Yang T., Au-Amankwah S., Bernal S.A. (2021) 11-Utilization of metallurgical wastes as raw materials for manufacturing alkali-activated cements. *Cement-Based materials*. — P. 335-383. <https://doi.org/10.1016/B978-0-12-820549-5.00009-7> (in English)

Shadrov V.I. (2014) Rastrovyy elektronnyy mikroskop JSM-6490L s sistemami energodispersionnogo mikroanaliza INCAEnergy [Scanning electron microscope JSM-6490LV with energy dispersive microanalysis systems INCAEnergy]. (in Russian)

Bogue R.H. (1950) *The Chemistry of Portland Cement*. Reinhold Pub. Corp: New York, — 1950. — P. 326. (in English)

GOST 31108-2020 Tsementy obshchestroitel'nyye. Tekhnicheskiye usloviya (2020) [General construction cements. Technical specifications]. Standartinform, Moscow, — 2020. — 12 p. (in Russian)

Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan implies that the work described has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the originality detection service Cross Check <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan.

The Editorial Board of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайте:

www.nauka-nanrk.kz

ISSN 2518-1483 (Online), ISSN 2224-5227 (Print)

<http://reports-science.kz/index.php/en/archive>

Директор отдела издания научных журналов НАН РК *А. Ботанқызы*

Редакторы: *Д.С. Аленов, Ж.Ш. Әден*

Верстка на компьютере *Г.Д. Жадырановой*

Подписано в печать 23.06.2025.

Формат 60x88¹/₈.

18,0 п.л. Заказ 2.